



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мұрағаттық ақпаратты пайдалану саласындағы өзара іс-қимыл жасау принциптері мен нысандары жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 18 наурыз N 414

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мұрағаттық ақпаратты пайдалану саласындағы өзара іс-қимыл жасау принциптері мен нысандары жөніндегі келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

ТМД-га қатысушы мемлекеттердің мұрағаттық ақпаратты пайдалану саласында өзара іс-қимыл жасау жөніндегі  
қағидалар мен нысандар туралы

КЕЛІСІМ

Ресми  
бекітілген  
мәтін

Үкімет атынан осы Келісімге қатысушы мемлекеттер, бұдан әрі -  
Тараптар,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында шоғырланған процестердің барынша дамуына өзара мұдделілікті еске алып,

гуманитарлық және мәдениеттік өрістердің өзара іс-қимыл мен ақпараттық  
кеңістікті сақтаудың маңыздылығын мойындағы  
бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік мұрағаттары саласындағы құқықты мирасқор

туралы 1992 жылғы 6 шілдедегі Келісім ережелерін назарға алып,

мұрағат ісінде ынтымақтастықты тереңдету және кеңейтуге ұмтылуышылықтан, сондай-ақ мұрағаттық ақпаратты пайдалану саласында осы Келісімге қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығын құру механизмін жүзеге асыру қажеттілігіне сүйеніп

төмендегілер жөнінде келісті:

1 -бап

Тараптар мұрағаттық ақпараттар алмасуды ынтымақтасудың маңызды нысаны деп қарайды. Тараптар олардың ұлттық зандарына сәйкес мұрағаттық ақпарат алмасуды кең көлемде қамтамасыз етуге барынша жәрдемдеседі.

2-бап

Тараптар қалыптасқан тарихи және іскерлік байланыстарды есепке ала отырып, ынтымақтастықта жинақталған тәжірибелерді мұрағат саласында тең құқықтық негізде ұжымдасып талқылауда және пайда болған күрделі мәселені шешудің механизмін жасау мен оларды жүзеге асыруда өзара іс-қимылды дамытады.

3-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық зандарымен белгіленген тәртібіне сәйкес мемлекеттік мұрағаттарында сақталған мұрағаттық ақпараттарына занды және жеке тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

#### 4-бап

Тараптардың мұрағаттық мекемелері олардың ұлттық зандарына сәйкес мұрағаттық құжаттар негізінде Тараптардың заңды және жеке тұлғаларының сұраныстары бойынша мүмкіндігінше өтініш жасаушының тілінде немесе орыс тілінде: еңбек өтілі, еңбек ақысы, білімі мен мамандығы, мемлекеттік және ведомстволық наградалары, қуғын-сүргінге негізсіз ұшырау фактілері, азаматтардың қонысынан еріксіз қуғындалуы және олардың мүлкінің тәркіленуі, әскер қатарында болуы, соғысқа қатысуы, әскери тұтқында концентрациялық лагерьлерде, геттода болуы, халықты еріксіз айдау және азаматтардың өз Отанына оралуы, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жараланғандығы және госпитальдарда емделгендердің туралы әлеуметтік-құқықтық ақпараттарды беруге тиіс.

Тараптар жеке тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұраныстары жөніндегі хабарын жіберуге пошта байланыстарының қызметіне төлем үшін мұрағаттық мекемелерге қаржы бөлуге міндеттенеді.

Заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұраныстары жөніндегі пошта байланысының көрсеткен қызметіне төлем мұрағаттық мекемелермен келісіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды және жеке тұлғалардың басқа сұраныстарының төлемі тиісті мұрағаттық мекемелермен келісіміне сәйкес жүзеге асырылады.

#### 5-бап

Тараптар автоматтандырылған орталық қорлар мен каталогтар негізінде мұрағаттық органдар мемлекеттік мұрағаттық қорлар туралы деректер қоймасының жүйесін құру және мемлекеттік мұрағаттық қорлар туралы өзара ақпараттасу үшін оларды ақпараттық жүйеге біріктіру жөніндегі бірлескен жұмыстарды қамтамасыз етеді.

## 6-бап

Тараптар мемлекеттік мұрағаттық сақтауда тұрған құжаттар туралы өзара ашық ақпараттар алмасуды қамтамасыз етеді.

Мұндай алмасуды жүзеге асырудың тәртібі мен жағдайы Тараптардың ұлттық зандарына сәйкес ықылас білдіруші мұрағат саласын басқарушы органдарының екі немесе көп жақты келісімдері негізінде анықталады.

## 7-бап

Тараптар тиісті министрліктер мен ведомстволарға мұрағат саласында ұлттық зандарға талдау жасауды және Келісім күшіне енген күннен бастап үш ай мерзім ішінде оны үйлестіру жөнінде тиісті ұсыныс әзірлеуді тапсырады.

## 8-бап

Тараптар 1995 жылы 28 қыркүйекте мемлекеттік мұрагат басшылары қол қойған ТМД елдері, Латвия, Литва және Эстония мемлекеттік мұрағат қызметі басшыларының консультативтік кездесуін өткізу және келісімдерді жүзеге асыру механизмі туралы Келісім негізінде құрылған мұрағат ісі жөнінде Ақпараттық орталық қызметін қамтамасыз ету және жетілдіру үшін шаралар қолданады.

## 9-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің мұрағат саласын басқарушы органдарына мұрағаттық

ақпаратты пайдалану мәселелері бойынша өзара ортақ мұддені көрсететін екі немесе көп жақты негізде консультацияларды жүйелі түрде өткізу ді тапсырады.

Тараптар қажеттілігіне қарай мұрағат саласында ынтымақтастық мәселесін талқылау үшін өкілдерін тен қатыстыру есебімен кеңестер, комиссиялар және жұмыс топтарын құруы мүмкін.

10-бап

Тараптар бір-біріне:

мұрағат ісі жөнінде кәсібі мамандар даярлауға;  
мұрағат саласының әртүрлі мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер, симпозиумдар, семинарлар үйымдастыруға, нормативтік, әдістемелік, ғылыми және оқу материалдарымен жүйелі түрде алмасуға көмек көрсететін болады.

11-бап

тараптар мұрағаттық іс бойынша халықаралық үйымдар шегінде мұрагаттық ақпаратты пайдалануға қатысты халықаралық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда қарым-қатынас жасайды.

12-бап

Осы Келісімді пайдалануға және түсінік беруге байланысты даулы мәселелер ықылас білдіруші Тараптардың өзара консультациялар және келіссөздер жүргізу арқылы шешілетін болады.

### 13-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекет ішіндегі барлық қажетті рәсімдерді орындағаны жөнінде қол қойған жазбаша хабарды үшінші жақтың депозитарийге сактауға өткізген күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекет ішіндегі қажетті рәсімдерді кеш орындаған Тараптардың құжаттары депозитарийге өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

### 14-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен қағидаларын бөлісетін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық, оған қосылу барлық Тараптардың Келісімімен құжаттарын депозитарийге тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

Қосылу Келісім туралы депозитарийден соңғы мәліметті алған күннен бастап күшіне кірген болып есептеледі.

### 15-бап

Тараптардың өзара келісімімен осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады. Олар хаттамамен рәсімделіп, осы Келісімнің 13 бабына сәйкес тәртіппен күшіне енеді.

### 16-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бес жыл қолданыста болады. Бұл мерзім өткен соң Келісім, егер Тараптар басқа шешім қабылдамаса өздігінен жаңа бес жылдық мерзімге ұзартылады.

17-бап

Әрбір Тарап Келісімнен шығудан 6 ай бұрын депозитарийге жазбаша хабар

жолдаپ, осы Келісімнен шыға алады.

1999 жылы 4 шілдеде Минск қаласында тұпнұсқа бір данада орыс тілінде жасалды. Бұл Келісімнің қол қойылған тұпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайды.

Әзіrbайжан Республикасының                    Молдова Республикасының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

Армения Республикасының                        Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының                    Тәжікстан Республикасының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

Грузия    Түрікменстан Республикасының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының                    Өзбекстан Республикасының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының                            Украина Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мұрағаттық ақпарат  
пайдалану саласында өзара іс-қимыл жасау жөніндегі қағидалар  
мен нысандар туралы Келісім жобасы жөнінде

Грузияның ұсынысы және ескертпесі

Құжаттың ұсынылған жобасын Грузия негізінен мақұлдайды, бірақ сонымен  
бірге мынадай ескертпе жасайды:

- 4 баптың 2 азат жолын алып тастау;
- Келісімнің 3 айлық үйлестіру мерзімін қол қойылған күннен бастап 6  
айға дейін ұзарту ақылға қонымды.

В. Лордкипанидзе

Осымен ұсынылып отырған мәтін 1999 жылы 4 шілдеде Минск қаласында  
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет басшыларының кеңес мәжілісінде  
ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мұрағаттық ақпаратты пайдалану саласындағы  
өзара іс-қимыл жасау жөніндегі қағидалары мен нысандары туралы Келісімнің  
тең заңдық құқы танылған көшірмесі болып табылатындығын қуәландырамын.  
Жоғары айтылып кеткен Келісімнің тұпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығы Атқарушы комитетінде сақтаулы тұр.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының  
Атқарушы комитетінің тәрағасы -  
Атқарушы хатшысы

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК